

## **Еуразиялық экономикалық одақтың ішкі нарығындағы кедергілерді жою жөніндегі жұмыс нәтижелері туралы**

Жоғары Еуразиялық экономикалық Кеңестің 2022 жылғы 27 мамырдағы № 2 Өкімі.

1. Еуразиялық экономикалық комиссияның Еуразиялық экономикалық одаққа (бұдан әрі – Одақ) мүше мемлекеттердің Одақтың ішкі нарығындағы кедергілерді жою жөніндегі жұмыс барысы туралы ақпараты назарға алынсын.

2. Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің кезекті отырысында кедергілердің туындауына жол бермеу, сондай-ақ алып қоюлар мен шектеулерді барынша қысқарту қажеттігін негізге ала отырып, Одақтың ішкі нарығындағы кедергілерді жою жөніндегі ахуал туралы ақпаратты көзбе-көз форматта қарау орынды деп саналсын.

3. Осы өкім Одақтың ресми сайтында жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

### **Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес мүшелері:**

<b>Армения</b>	<b>Беларусь</b>	<b>Қазақстан</b>	<b>Қырғыз</b>	<b>Ресей</b>
Республикасынан	Республикасынан	Республикасынан	Республикасынан	Федерациясынан